

№16 орта мектебінің тәлімгерлерінің 2025–2026 оқу жылы бойынша есебі

2025–2026 оқу жылында №16 орта мектебінде жас мамандарды кәсіби қолдау, олардың педагогикалық шеберлігін арттыру және білім беру үдерісіне бейімдеу мақсатында тәлімгерлік жұмыс жүйелі түрде ұйымдастырылды. Осы бағытта мектеп әкімшілігінің бұйрығына сәйкес 4 жас маманға тәжірибелі 4 тәлімгер бекітілді.

Атап айтқанда:

1. Акбулатова Азалия Сериковна – жас маман, тарих пәнінің мұғалімі.
Тәлімгері – Киянова Марина Викторовна, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі – 39 жыл, педагог-зерттеуші.
2. Әбдіғалиева Гүлсезім Хибатуллақызы – жас маман, математика пәнінің мұғалімі.
Тәлімгері – Оспанова Зура Кусаиновна, информатика пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі – 34 жыл, педагог-зерттеуші.
3. Козак Виктория Дмитриевна – жас маман, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.
Тәлімгері – Човдурбаева Дарига Тургалыевна, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі – 26 жыл, педагог-зерттеуші.
4. Алибаева Томирис Алтынбековна – жас маман, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Тәлімгері – Мухамбеталина Мөлдір Казиевна, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, еңбек өтілі – 18 жыл, педагог-зерттеуші.

Тәлімгерлер жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіп, сабақ жоспарлау, тиімді оқыту әдістерін қолдану, оқу мақсаттарына сәйкес тапсырмалар құрастыру, бағалау критерийлерін дұрыс пайдалану бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Сонымен қатар, жас мамандардың сабақтарына қатысып, кері байланыс беріп, олардың кәсіби дамуына бағыт-бағдар берді.

Жыл бойы тәлімгерлер мен жас мамандар арасында өзара тәжірибе алмасу, ашық сабақтар өткізу, коучингтер мен семинарларға қатысу жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар жас мамандардың педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруға оң ықпал етті. Осы әрекеттерді дәлелдеу мақсатында әр тәлімгердің жұмыстарын ұсынамын.

Алибаева Томирис Алтынбековнаның кәсіби дамуына тәлімгерлік ету барысында оның педагогикалық қызметіне жүйелі түрде бақылау жүргізіліп, талдау жасалды. Жас маман өзінің еңбек жолының алғашқы кезеңінен бастап мектепшілік, қалалық және облыстық деңгейдегі іс-шараларға белсенді қатысып, кәсіби біліктілігін арттыруға, шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше қызығушылық танытып келеді. Оның негізгі мақсаты – заманауи білім беру талаптарына сай кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Осы мақсатқа жету жолында жас маман сабақ үдерісінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануды, жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізуді, оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамытуды, әдістемелік іс-шараларға белсенді қатысуды және өз тәжірибесін жетілдіруді негізгі міндеттері ретінде айқындаған.

Алибаева Томирис Алтынбековна 04.10.2025 жылы Ұстаздар күніне орай ұйымдастырылған «Ұстаз – ұлттың шамшырағы» атты облыстық мерекелік іс-шараға қатысып, хор құрамында өнер көрсетіп, мектеп абыройын арттыруға үлес қосты. Сонымен қатар, ол 12.11.2026 жылы Қ.Сәтпаев атындағы ОМЛ базасында өткен «Тілдік дағдыларды дамытуда әдіс-тәсілдерді тиімді таңдау жолдары» тақырыбындағы шеберлік сыныбының үш отырысына қатысып, тәжірибесін жетілдірді. Жас маманның өткізген сабақтарына жүргізілген талдау оның сабақ жоспарлау мен өткізуде жүйелілік пен жауапкершілік танытатынын көрсетті. Атап айтқанда, 27.11.2025 күні 4 «В» сыныбында

өткізілген «Абай Құнанбайұлы – ұлы ақын» тақырыбындағы сабағында оқу мақсаттары бағдарламамен толық сәйкестендіріліп, «Желпуш», «Үш шапалақ», «Синквейн» сияқты белсенді әдіс-тәсілдер тиімді қолданылды. Сабақ барысында бағалаудың «Табыс баспалдағы», «Смайликтер» сияқты түрлері пайдаланылып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдары орынды қолданылып, Абайдың қарасөздері арқылы ұлттық құндылықтар оқушыларға терең жеткізілді. Сабақ соңында «Жетістік индексі» әдісі арқылы кері байланыс жүргізіліп, оқушылардың өзіндік бағалау дағдылары қалыптастырылды. Жас маман тек оқу үдерісімен ғана шектелмей, шығармашылық бағытта да белсенділік танытып келеді. 10.12.2025 жылы «Шабыт шырағы» жас ақындар клубының мүшесі ретінде «Жаныма жалау болып, жыр маралы» атты тұсаукесер кешіне қатысып, өзінің шығармашылық қабілетін көрсетті. 09.02.2026 жылы Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған поэзиялық кеште оның өлеңі «Шабыт шырағы» жинағында жарық көріп, жас маманның шығармашылық әлеуетінің жоғары екендігін дәлелдеді.

Сонымен қатар, ол әртүрлі апталықтар мен сайыстарға белсенді қатысып, нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізуде. Атап айтқанда, 12–16.01.2026 жылдары ағылшын тілі апталығы аясында өткен «Quiz show» интеллектуалдық ойынында топ құрамында I орын иеленсе, 24.01.2026 жылы өткен «Здоровый учитель – успешная школа» атты спорттық жарыста II орынға ие болды. Сондай-ақ, «Ақбөбек» лицейінде өткен «Ал, жазайық» жобасы аясындағы шеберлік сыныптарына қатысып, цифрлық технологияларды қолдану арқылы эссе жазу әдістерін меңгерді.

02–06.02.2026 жылдары «Жас мамандар апталығы» аясында 12.02.2026 күні 3 «Б» сыныбында «Бәйтерек неге ұқсайды?» тақырыбында ашық сабақ өткізіп, заманауи әдіс-тәсілдерді, оның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді қолдана білді. Бұл сабақ оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамытуға оң ықпал етті. Аталған апталық қорытындысында жас маман «Инновация шебері» номинациясымен марапатталды.

Жас маманның кәсіби дамуына бағытталған семинарларға қатысуы да жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Ол 18.02.2026 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамыту» тақырыбындағы облыстық семинарға, сондай-ақ 23.02.2026 жылы «Дискретті мәтіндер: тест тапсырмаларын құрастыру әдістемесі» тақырыбындағы оқыту семинарына қатысып, сертификаттарға ие болды. Сонымен қатар, 25.02.2026 жылы өткен «TEZ TAP» QUIZ ойынында топ құрамында «Бас жүлде» иегері атанып, 28.02.2026 жылы «Педидея» алаңында өз тәжірибесімен бөлісіп, әріптестерімен тәжірибе алмасты.

Алибаева Томирис Алтынбековнаның жетекшілігімен оқушылар да түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысып, жоғары нәтижелер көрсетуде. Оның шәкірттері қалалық және облыстық деңгейдегі байқауларда жүлделі орындарға ие болып, мектеп мәртебесін көтеруде. Бұл жас маманның оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізетінін және олардың қабілетін аша білетінін көрсетеді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 9–10 сынып оқушылары арасында өткен қалалық «Қазақстан моей мечты» атты эссе байқауына қатысқан №16 орта мектеп оқушысы Өміржан Аяулым сертификатпен марапатталды. Сонымен қатар, 4-сынып оқушысы Түребаев Ерхан «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына қатысып, III дәрежелі диплом иегері атанды. Облыстық «Әлдилеген әлемді...» мәнерлеп оқу байқауында Супан Аделина 3 орын иеленіп, шығармашылық қабілетін жоғары деңгейде көрсетті. Сондай-ақ, облыстық «Сөзбен салынған сурет» шығармашылық байқауында Рубаносова Мария 1 орынға ие болды. Ал «Ғылым мен шабыт» эссе байқауына қатысқан Ермухамедова Дильназ 3 орын алды.

Жалпы, оқушылардың жетістіктері олардың білімге деген қызығушылығының, ізденімпаздығының және шығармашылық белсенділігінің жоғары екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер – жүйелі жұмыстың, мақсатты дайындықтың және оқушы мен мұғалім

арасындағы тығыз ынтымақтастықтың айқын дәлелі. Алдағы уақытта да оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жалғасын табады.

Алибаева Томирис Алтынбековна – жаңашылдыққа ұмтылатын, өз кәсіби дамуына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық әлеуеті жоғары жас педагог. Ол оқу-тәрбие үдерісінде заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, оқушылардың білім сапасын арттыруға және жан-жақты дамуына ықпал етуде. Алдағы уақытта да өзінің кәсіби біліктілігін жетілдіріп, педагогикалық шеберлігін шыңдайды деген сенім білдіріледі.

Жас маманмен жұмыс «Тәлімгер мұғалімнің тәлімгермен жұмыс жоспарына» сәйкес құрылымдалып, келесі қызмет бағыттары бойынша жүзеге асырылды:

- мектеп құжаттамасын жүргізу;
- оқу процесін ұйымдастыру;
- жас мұғалімді әдістемелік қамтамасыз ету;
- өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жұмыс;
- жас маманның бейімделуінің психологиялық негіздері.

Оқу жылы бойына В.Д. Козак жас мұғалімге мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, оның теориялық және практикалық білімі мен кәсіби шеберлігін арттыруға әдістемелік көмек көрсетті.




Көмек көрсету мақсатында келесі тақырыптар бойынша консультациялар мен талқылаулар өткізілді:

- ❖ мектеп іс қағаздарын жүргізу (сынып журналдарымен жұмыс істеу, мемлекеттік білім беру стандарттарын енгізу аясында күнтізбелік-тақырыптық жоспар мен сабақ жоспарын құру),
- ❖ сабақтың өзін-өзі талдауы, заманауи сабаққа әдістемелік талаптар,
- ❖ сыныпта мақсат қою және басқа тақырыптар. В.Д. Козактың сабақтарына да қатысты.

Мектептегі ағылшын тілі апталығы аясында өзара сабаққа ену ұйымдастырылды, тәлімгер оқытушысы Човдурбаева Д.Т. жас маманның ашық сабағына қатысты. Козак В.Д. 4 класта “Daily meals. What is Rob eat?” тақырыбында ашық сабақ өткізді, оқушылар белсенді қатысып, жақсы білім деңгейін көрсете білді.

Жас маман және тәлімгер-мұғалім сабақ жоспарын тиімді құрастырып, сабақтың мақсатына қалай жетуге болатыны туралы әдістемелік ұсыныстар бере отырып, сабақты бірге талдады. Сабақ барысында қолданылатын әдістерге презентациялар, талқылаулар, көрнекі-иллюстрациялық әдістер, проблемалық оқыту, практикалық жаттығулар кірді. Сондай-ақ баспа мәтініне сілтеме жасай отырып және сілтемесіз демонстрациялық, түсіндіру және біртүрлі жаттығулар пайдаланылды; оқушылардың танымдық іс-әрекеттері топта, бетпе-бет, жеке түрде ұйымдастырылды.



Оқушылар белсенділік танытып, сабақта жағымды ахуал қалыптасты, бұл қорытынды нәтижеге жақсы әсер етті. Оқушылар тақырып бойынша сөздік қорын жеткілікті деңгейде меңгергендерін, пән бойынша жақсы білімдерін көрсетті, талапқа сай диалогтік дағдыларын, жаңа ақпарат игеру және қорытынды жасау.



Жас маман В.Д. Козак сабаққа тыңғылықты дайындалады, оқытудың заманауи әдістері мен әдістерін қолданады. «Шетел тілі сабағында оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту» атты өзіндік жұмыс тақырыбымен жұмыс жасауда. Жас маман тәлімгер-ұстазы Д.Т. Човдурбаевамен бірге, пән бойынша жаңа оқу материалдарын жаңартып отырады және сабаққа тиімді дайындалу үшін онлайн ресурстарды пайдаланады. Тәлімгер-ұстаз жас маманның бір қатар сабақтарына қатысып, әдістемелік талдау жасады:

Сәтті жақтары: Козак В. Д. сабақ барысында АКТ мүмкіндіктерін тиімді пайдаланады, оқушылармен кері байланыс орната алады. Сабақ құрылымы логикалық тұрғыдан дұрыс сақталған.

Дамытуды қажет ететін тұстар: Сабақтың кейбір кезеңдерінде уақытты тиімді бөлу (тайм-менеджмент) және деңгейлік тапсырмаларды саралау (дифференциация) мәселелері бойынша жұмысты жақсарту қажеттігі байқалды.



Оқу жылы барысында Козак В.Д. ӘБ жұмысын жүргізуге белсенділік танытып, етене араласты. ӘБ отырыстары жүргізілген талдау барысында өз ойларын қосып, пікір алмасты.



Тәлімгер-ұстаз Д.Т. Човдурбаева жас маман В.Д. Козакқа дидактикалық бағытта нұсқаулық көрсетті:

Оқу бағдарламаларын, КТЖ (күнтізбелік-тақырыптық жоспар) жасау және электрондық журналмен жұмыс істеу негіздері түсіндірді. BilimClass платформасындағы электронды журналдың уақытылы толтырылуы қажет екенін, оқушылар санына қарай 40- 50 % оқушылар бағалану қажеттігі, үй тапсырмасын толтыру тәртібімен таныстырылып, балаларды бағалау кезінде объективті баға қойылып, мұқият болу қажеттілігіне мән берілді.



Жас маман Козак В. Д. мектептің педагогикалық ортасына толық бейімделді деп есептеледі. Жас маманның бейімделу кезеңі сәтті өтуде. Жас маман теориялық білімі мен кәсіби біліктілігін арттыруда мектеп әкімшілігі мен тәлімгер ұстаздан қолдау алуда. Виктория Дмитриевна өзін еңбекқор, жауапты, шығармашыл ұстаз ретінде көрсете білді. Әдістемелік жұмыс жаңа мұғалімнің табысты әлеуметтік-педагогикалық және тұлғалық бейімделуіне ықпал етті, оның туындаған қиындықтарды жеңуге және кәсіби деңгейін арттыруға көмектесті.

Тәлімгер Човдурбаева Д. Т. тарапынан көрсетілген әдістемелік көмек өз нәтижесін берді:

- Мұғалімнің кәсіби деңгейі артты;
- Мектеп құжаттамасын жүргізуде ұқыптылық қалыптасты;
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен сапа көрсеткіші тұрақты.

Сонымен қатар жас ұстаздың ағымдағы жылында біршама жетістіктерге қол жеткізген, оның ішінде пән мұғалімі ретінде жіне оқушылардың жетістіктері бар.

Мұғалім жетістіктері:

- «PedOlimp» IV Республикалық пәндік педагогикалық олимпиадасы, II орын, грамота

Өз білімін жетілдіру:

- «Искусственный интеллект в образовании: Инновационные технологии и цифровая трансформация учебного процесса», сертификат
- «Оқу үдерісі және ЖИ генеративті модельдермен промт-инжиниринг өнері», сертификат



Оқушылар жетістіктері:

- «Ақбота» Республикалық зияткерлік олимпиадасы, грамота, III орын, Баневич Дарья, 4 класс
- «Ақбота» Республикалық зияткерлік олимпиадасы, грамота, III орын, Габасов Богдан, 4 класс
- «Ақбота» Республикалық зияткерлік олимпиадасы, грамота, III орын, Танкова Мария, 4 класс
- «Ақбота» Республикалық зияткерлік олимпиадасы, грамота, III орын, Туребаев Ерхан, 4 класс
- «Big Ben» Ағылшын тілі пәні бойынша 2-11 оқушыларына арналған республикалық интеллектаулдық, грамота, I орын, Арсенов Арсений
- «Big Ben» Ағылшын тілі пәні бойынша 2-11 оқушыларына арналған республикалық интеллектаулдық, грамота, II орын, Шпирко Милана
- «Big Ben» Ағылшын тілі пәні бойынша 2-11 оқушыларына арналған республикалық интеллектаулдық, грамота, II орын, Танкова Мария



Ұсыныс:

Ағымдағы жылдың жұмысын қорытындылай келе, 2026-2027 оқу жылына келесі ұсыныстар қойылды :

1. Өз білімін көтеру: Козак В. Д. өзінің жеке кәсіби даму жоспары аясында шығармашылық тақырыбын тереңдетіп, қалалық/облыстық деңгейдегі педагогикалық оқуларға және шығармашылық шеберханаларға қатысу;

2. Әдістемелік жұмыс: Сабақта саралап оқыту (differentiation) әдістерін кеңінен қолдануды жалғастыру, тапсырмаларға нақты критерий қойып, объективті түрде бағалау;
3. Тәжірибе алмасу: Мектепшілік әдістемелік апталықтар аясында ашық сабақтар циклін өткізу.

Мектепте математика пәні мұғалімдеріне тәлімгерлік қызмет атқарып келе жатқан тәжірибелі педагог тарапынан Әбдіғалиева Гүлсезім Хибатуллақызының педагогикалық қызметіне жан-жақты талдау жасалып, кәсіби дамуы бақыланды.

Әбдіғалиева Гүлсезім Хибатуллақызы 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап мектебімізде математика пәні мұғалімі ретінде еңбек жолын бастады. Жас маман өз қызметінің алғашқы кезеңінен бастап оқыту үдерісіне жауапкершілікпен қарап, оқушыларға сапалы білім беру мақсатында заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға ұмтылыс танытты. Сабақ барысында топтық, жұптық және жеке жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастырып, сараланған тапсырмалар арқылы әр оқушының жеке қабілеті мен білім деңгейін ескеруге тырысты. Сонымен қатар критериалды бағалау жүйесін тиімді қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін әділ әрі нақты бағалауға мән берді.

Оқу-тәрбие үдерісінде жас маманның пәнге деген жауапкершілігі, сабаққа дайындығы және оқушылармен қарым-қатынасы қалыптасу кезеңінде жақсы нәтижелер көрсетті. Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін арттыру, олардың қызығушылығын ояту және танымдық белсенділігін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізілді.

2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығында тәлімгерлік жұмыс бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылды. Осы кезеңде тәлімгер тарапынан информатика пәні бойынша 5, 6, 8 және 9-сыныптарда өткізілген сабақтарға тұрақты түрде қатысып, жас маманның сабақ беру әдістемесі, цифрлық технологияларды қолдану деңгейі және оқушылармен жұмыс жүргізу ерекшеліктері бақылауға алынды.

Сабақтар барысында оқытудың жаңа технологияларын қолдану, интерактивті әдістерді енгізу, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуін ұйымдастыру сияқты бағыттарда оң динамика байқалды. Жас маманның ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта қолдануға деген қызығушылығы мен дағдысы біртіндеп қалыптасып келеді.

Сонымен қатар Әбдіғалиева Гүлсезім Хибатуллақызының 5-сыныптағы математика, 7-сыныптағы алгебра және геометрия пәндері бойынша өткізген сабақтарына қатысып, сабақ құрылымы, мақсат қоюы, әдіс-тәсілдерді таңдауы және оқушылармен өзара әрекеттесуі талданды. Сабақтарға талдау жасау барысында бірқатар әдістемелік ұсыныстар беріліп, кері байланыс арқылы сабақ сапасын жетілдіру бағытында жұмыс жүргізілді.

Берілген ұсыныстарды жас маман назарға алып, келесі сабақтарында тиімді қолдануға тырысты. Бұл оның кәсіби өсуге деген ынтасын және жауапкершілік деңгейін көрсетеді.

Гүлсезім Хибатуллақызы 2025–2026 оқу жылы барысында мектеп деңгейінде ұйымдастырылған әдістемелік және тәрбиелік бағыттағы іс-шараларға тұрақты түрде белсенді қатысып отырды. Ол өз кәсіби дамуын жетілдірумен қатар, мектептің біртұтас әдістемелік кеңістігін дамытуға да үлес қосты.

2025 жылдың қараша айында өткен МИФ (математика, информатика, физика) бірлестігінің апталығы аясында жас маман пәндік іс-шараларға белсенді араласты. Апталық барысында ашық сабақ өткізіп, сабақта инновациялық әдіс-тәсілдерді, соның ішінде топтық жұмыс, проблемалық оқыту және визуалды материалдарды тиімді қолдана білді. Оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, оқу үдерісіне белсенді қатысуы байқалды. Әріптестер тарапынан сабаққа талдау жасалып, оң пікірлер мен әдістемелік ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар 2026 жылдың ақпан айында өткізілген «Жас мамандар апталығы» аясында жас мұғалім бірнеше бағыттағы іс-шараларға қатысты. Атап айтқанда, «Жас маман визиткасы» кезеңінде өзінің педагог ретіндегі жұмыс бағытын, қолданатын әдіс-тәсілдерін

және кәсіби мақсаттарын таныстырып өтті. «Панорамалық сабақ» барысында сабақ құрылымын жүйелі түрде көрсетіп, оқу мақсаттарына жетуде тиімді әдістерді қолдана білді. Сондай-ақ «Жас маманның бір күні» форматындағы іс-шараға қатысып, күнделікті педагогикалық қызметтің ұйымдастырылуын көрсетті.

«Инновация жәрмеңкесі» аясында заманауи оқыту технологияларын пайдалану тәжірибесін ұсынуға қатысып, цифрлық ресурстарды сабақта қолдану мүмкіндіктерін көрсетті. Бұл оның кәсіби ізденісінің және жаңашылдыққа ұмтылысының жоғары деңгейде екенін көрсетті.

2026 жылдың ақпан айында өткен «Магистрлар апталығы» барысында Гүлсезім Хибатуллақызы «Магистр портфолиосы», «Магистр батл», «Магистр куиз» сияқты мазмұнды іс-шараларға қатысып, пәндік білімін тереңдетуге және кәсіби құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік алды. Бұл іс-шаралар оның теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруына және кәсіби ой-өрісінің кеңеюіне ықпал етті.

Жалпы алғанда, мектепшілік іс-шараларға қатысу барысында жас маман өзін белсенді, жауапкершілігі жоғары, кәсіби дамуға ұмтылатын педагог ретінде көрсетті. Әрбір іс-шарада ол тек қатысушы ретінде ғана емес, сонымен қатар тәжірибе жинақтаушы және жаңашыл идеяларды меңгеруші ретінде де көріне білді.

Гүлсезім Хибатуллақызы оқу-тәрбие үдерісі барысында оқушылармен жүйелі және мақсатты жұмыс жүргізуге ерекше назар аударды. Сабақ үдерісінде әр оқушының жеке қабілеті мен білім деңгейін ескере отырып, сараланған тапсырмалар беру арқылы оқу материалын меңгеру сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар ұйымдастырды. Сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында топтық, жұптық және жеке жұмыс түрлері тиімді қолданылды. Бұл әдістер оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауына, өз ойын еркін жеткізуіне және пәнге деген қызығушылығының артуына ықпал етті. Әсіресе күрделі тақырыптарды меңгеру кезінде көрнекілік, алгоритмдік түсіндіру және практикалық тапсырмалар кеңінен қолданылды. Сонымен қатар, үлгерімі төмен оқушылармен жеке түзету жұмыстары жүргізіліп, олардың біліміндегі олқылықтарды жоюға бағытталған қосымша тапсырмалар берілді. Ал қабілеті жоғары оқушыларға күрделендірілген тапсырмалар ұсынылып, олардың пәндік білімін тереңдетуге жағдай жасалды. Бұл оқытудағы саралау принципінің тиімді жүзеге асырылуына мүмкіндік берді. Оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру мақсатында сабақтан тыс уақытта да қосымша қолдау жұмыстары ұйымдастырылды. Консультациялар өткізу, қиын тақырыптарды қайта түсіндіру және практикалық жаттығулар орындау арқылы оқушылардың білімін бекіту жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың математика пәніне деген қызығушылығы артып, олардың логикалық ойлау, талдау және есеп шығару дағдылары біртіндеп дамыды. Оқушылар сабақ барысында белсенділік танытып, өз пікірін еркін жеткізуге үйренді және оқу тапсырмаларын орындауда жауапкершілік деңгейі артты.

Сонымен қатар оқушылар мектепшілік пәндік іс-шараларға, олимпиадаларға және түрлі байқауларға қатысуға ынталандырылды. Бұл олардың білімге деген мотивациясын күшейтіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етті.

Педагогикалық қызметтің алғашқы кезеңінде Гүлсезім Хибатуллақызы бірқатар кәсіби қиындықтарға тап болды. Атап айтқанда, оқушылардың білім деңгейінің әртүрлілігі сабақ материалын меңгеруде сараланған тәсілді талап етті. Кейбір оқушылар жаңа тақырыпты тез меңгерсе, кейбіреулері қосымша түсіндіру мен қайталауды қажет етті. Бұл жағдай сабақ барысында уақытты тиімді жоспарлауды және оқу материалын бірнеше деңгейде ұсынуды қажет етті.

Сонымен қатар сабақ уақытын тиімді басқару мәселесі де байқалды. Оқу мақсаттарын толық орындау, практикалық тапсырмаларды үлгерту және оқушылардың белсенділігін қамтамасыз ету барысында уақытты дұрыс бөлу маңызды міндеттердің бірі болды. Алғашқы кезеңде кейбір сабақтарда жоспарланған тапсырмаларды толық орындау үшін қосымша уақыт қажеттілігі туындады.

Осы қиындықтарды шешу мақсатында жас маман тәлімгердің әдістемелік көмегіне сүйене отырып, сабақ құрылымын жетілдіруге көңіл бөлді. Сабақ жоспарын нақтылау, уақытты кезеңдерге бөлу және әр кезеңге нақты мақсат қою арқылы оқу үдерісін жүйелеу жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың білім деңгейіндегі айырмашылықты ескеру үшін сараланған тапсырмалар жүйелі түрде қолданылды. Қиындығы әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар дайындау арқылы әр оқушының жеке мүмкіндігіне сай жұмыс істеу қамтамасыз етілді. Сонымен қатар қосымша түсіндіру, қайталау сабақтары және жеке консультациялар ұйымдастырылды.

Әбдіғалиева Гүлсезім Хибатуллақызының педагогикалық қызметінің алғашқы кезеңі жалпы алғанда нәтижелі деп бағаланады. Ол кәсіби дамуға ұмтылатын, жауапкершілігі жоғары, заманауи педагогикалық әдістерді меңгеруге талпынысы бар жас маман ретінде қалыптасу үстінде.

Жас маманның білім сапасы бойынша көрсеткіші тұрақты оң динамиканы көрсетеді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, оқу жетістіктері біртіндеп жақсарғаны байқалады. Бұл жүргізілген жүйелі жұмыстың тиімділігін дәлелдейді.

Жас маманның білім сапасы бойынша көрсеткіші:

№	Сынып	I тоқсан		II тоқсан		III тоқсан		IV тоқсан	
		Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	Үлгерім
1	5 «Ә»	50%	100%	50%	100%	64%	100%		
2	6 «Ә»	50%	100%	58%	100%	64%	100%		
3	7 «Ә»	47%	100%	44%	100%	52%	100%		

Акбулатова Азалия Сериковнаның сабағына қатысым

№ п/п	Сабаққа қатысу күні / Сабақтың тақырыбы	Сабақты бақылау және талдау барысында анықталған оң аспектілер	Проблемы, выявленные в ходе анализа урока
1	22.09.2025 Қазақстан тарихы пәні, 7 «А» сыныбы «Аңырақай шайқасы» тақырыбындағы сабақ	Мінез-құлық стилі (демократиялық); Заманауи әдістер мен тәсілдерді қолдану әрекеттері («Ледокол», «PEST», «Дұрыстық, логика және толықтыру», «Дұрыс – бұрыс»); Жүппен формативті жұмыс жүргізу (карта бойынша жұмыс – үлестірмелі материал); Өзін-өзі бағалау.	ҚМЖ 130 бұйрыққа сәйкес емес; Формативті бағалау дағдыларын жеткіліксіз меңгерген; Оқушылардың хормен жауап беруі; Оқушылардың саналы тәртіптің жеткіліксіздігі.
2	08.10.2025 Қазақстан тарихы пәні, 7 «Б» сыныбы «Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты» тақырыбындағы сабақ	ҚМЖ 130 бұйрыққа сәйкес құрастырылған (интернеттен алынған, бірақ сынып ұжымына бейімделген); Иллюстрациямен жұмыс («қарапайым» сұрақтар); Бейнематериалды қолдану; Заманауи әдістер мен тәсілдерді қолдану («Түсініктер дөңгелегі», «Дұрыс–бұрыс»).	Уақытты тиімсіз пайдалану: мини-баяндамаға (топтық жұмыс) уақыт жетіспеді; «Сөйлемді жалғастыр» шеңбері бойынша рефлексия созылып кетті; Топтық жұмысты ұйымдастыру тәсілдерін жеткіліксіз меңгерген (топқа бөлу, топтағы оқушылардың жұмысын ұйымдастыру);

			Үй тапсырмасын түсіндіру жеткілікті түрде нақты емес.
3	03.11.2025 Қазақстан тарихы пәні, 5 «Г» сыныбы «Қазақстан аумағында темірді игеру» тақырыбындағы сабақ	ҚМЖ 130 бұйрыққа сәйкес құрастырылған, сынып ұжымына бейімделген; үй тапсырмасын тексеру (жеке карточка «Сөйлемді толықтыр»); мәтінмен жұмыс (жұптық жұмыс, «Стикер» арқылы өзара бағалау); иллюстрациямен жұмыс; «Түсті металдарды өңдеуді жетілдіру кезеңдері» тақырыбында минуттық эссе (талаптары көрсетілген); сергіту сәтін өткізу; сабақтың бағалау парағы.	Минуттық эсеге берілген көлемнің шамадан тыс көп болуы (500 таңба); Уақытты тиімсіз пайдалану.
4	18.11.2025 Қазақстан тарихы пәні, 5 «А» сыныбы Сабақтың тақырыбы: «Қазақстан тарихы»	Білімді өзектендіру: «Жайылым түрлерін сәйкестендіру» тапсырмасы, «жіңішке» және «жуан» сұрақтар; Жаңа тақырып бойынша кластер құру (жеке жұмыс).	Үй тапсырмасын тексерудің болмауы; Оқушылардың хормен жауап беруі; Дескрипторлар айтылмаған (сабақ жоспарында көрсетілген); «Үлкен саусақ» формативті бағалау әдісі жоспарланған, бірақ орындалмаған; «Карусель» әдісі жұптық жұмыс ретінде жоспарланғанымен, жалпы сыныптық жұмыс ретінде өткізілген; Жоспарланған топтық жұмыс (көшпелілердің тұрғын үйлері бойынша синквейн) жеке жұмыс ретінде жүргізілген – сабақ жоспары толық іске асырылмаған.

1. Мектептік құжаттамамен жұмыс және білім беру процесін ұйымдастыру бойынша консультациялар өткізілді.

Консультациялар мен әңгімелердің тақырыптары:	
1	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Педагогикалық этика.
2	Қазақстан тарихы және Дүниежүзі тарихы пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.
3	2025–2026 оқу жылына арналған ИМП.
4	130 бұйрыққа сәйкес ҚМЖ.
5	Формативті бағалау. Бағалау критерийлері. Дескрипторлар әзірлеу.
6	Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулық.
7	Оқушыларға қойылатын бірыңғай талаптар, тәртіп.
8	Өзін-өзі білім жетілдіру
9	Пән бойынша сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру (олимпиадаға дайындық, әдістемелік апта аясында пәндік сыныптан тыс іс-шара).

Мұғалім сабақтарды мектеп директорының міндетін атқарушы Б. С. Буркутбаева бекіткен күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес жүргізеді.

Қаралған сабақтар мұғалімнің пәнді оқыту әдістемесін жалпы меңгергенін көрсетті. Ол тек дәстүрлі әдістерді (әңгіме, баяндау) ғана емес, сонымен қатар белсенді заманауи әдіс-тәсілдерді де қолдануға ұмтылады. Атап айтқанда: «Ледокол», «PEST», «Верность, логика және толықтыру», «Дұрыс – бұрыс», «Түсініктер дөңгелегі», «жіңішке» және «жуан» сұрақтар, минуттық эссе, кластер, синквейн әдістері сабақ барысында қолданылды. Азалия Сериковна сабақ барысында әртүрлі жұмыс түрлерін қолдануға тырысады: жалпы сыныптық, топтық, жұптық және жеке жұмыстар.

Алайда кейбір сабақтарда жоспарланған әрекеттердің толық жүзеге аспайтыны байқалды. Осыған байланысты мұғалімге сабаққа дайындалу кезінде әр кезенді мұқият ойластыру, олардың өзара байланысын нақты анықтау, уақытты тиімді жоспарлау және сабақты біртұтас жүйе ретінде құру ұсынылады. Сонымен қатар оқушылардың жеке, дәлелді ауызша жауаптарына, проблемалық сұрақтарға жауап беруіне, мәтінді мазмұндауына көбірек көңіл бөлу қажеттілігі анықталды. Бұл тәсілдер оқушылардың ойлау, есте сақтау, қиял және танымдық белсенділігін арттырып, пәнге деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді.

7 «А» және 7 «Б» сыныптарында сабақтағы тәртіпті ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет екендігі байқалды.

Оқу жылының басында және I тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасына бақылау кесінділері жүргізілді.

Қорытынды: бақылау кесінділері мен I тоқсан нәтижелері арасындағы айырмашылық айтарлықтай. Тоқсан бойынша білім сапасының көрсеткіші бақылау кесінділерімен салыстырғанда 23%-ға жоғары екендігі анықталды.

№	Сынып	Нөлдік бақылау қорытындылары		I тоқсан қорытындысы	
		% үлг.	% сапа	% үлг.	% сапа
1	5 «А»	92,5%	48,1%	100%	96, 43%
2	5 «Б»	84,6%	57,6%	100%	86,21%
3	5 «В»	95,4%	68,1%	100%	75%
4	5 «Г»	96,1%	57,6%	100%	86,21%
5	7 «А»	85%	50%	100%	62,5%
6	7 «Б»	90%	50%	100%	68 %
барлығы		90,5%	55, 1%	100%	78, 8

Мұғалімнің бірінші тоқсандағы жоғары нәтижесі атап өтілді, алайда екінші тоқсанда білім сапасының төмендеуі мүмкін екендігі көрсетілді.

Осындай жағдайдың алдын алу мақсатында формативті жұмыстарды бағалауда критерийлерге сәйкес объективтілік сақталуы қажет. Сондай-ақ жиынтық бағалау жұмыстарын өткізу барысында талапшылдықты күшейту, оқушылардың тәртібін қадағалау және анықтамалық материалдарды пайдалануға жол бермеу ұсынылады.

Жас маманмен жұмыс мектеп директорының міндетін атқарушы бекіткен жоспарға сәйкес жүргізілді.

Қыркүйек айынан бастап жас маманмен әртүрлі тақырыптар бойынша түсіндіру және әдістемелік бағыттағы әңгімелер өткізілді. Атап айтқанда: «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты», «Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары», «2025–2026 оқу жылына арналған ИМП», «№130 бұйрыққа сәйкес ҚМЖ құрастыру», «Формативті бағалау», «Бағалау критерийлері», «Дескрипторлар әзірлеу», «Педагогикалық этика».

Электронды журналды жүргізу және оқушылардың жеке істерін толтыру бойынша әдістемелік нұсқаулықтар берілді. Мектеп әкімшілігі тарапынан Азалия Сериковнаның мектептік құжаттаманы жүргізуіне қатысты ескертулер тіркелген жоқ.

Мектеп әкімшілігі мен әріптестер тарапынан қаралған сабақтар оң бағаланды. Мұғалім сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттыруға, танымдық белсенділігін дамытуға және Отан тарихына деген қызығушылықты қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізеді.

Ақбулатова Азалия Сериковна жүйелі түрде өзін-өзі білім жетілдірумен айналысады: әдістемелік әдебиеттерді зерделейді, шеберлік сыныптарына, семинарларға, мектепшілік әдістемелік бірлестік (ШМУ) отырыстарына белсенді қатысады. Сонымен қатар «Білім берудегі жасанды интеллект: инновациялық технологиялар және оқу процесін цифрлық трансформациялау» (26.11.2025–10.12.2025) курсы және «Білім беру процесіндегі ЖИ: генеративті модельдер және промпт-инжиниринг өнері» (15.02.2025) тақырыбындағы онлайн-оқытуды аяқтады.

Сонымен қатар сынып жетекшісі ретінде де кәсіби дамуын жалғастыруда: «Жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбындағы курстан (01.11.2025) өтті.

Мұғалімнің кәсіби қызметінің нәтижелілігі нақты көрсеткіштермен айқындалады: барлық сыныптар бойынша пәннен үлгерім – 100%, ал үш тоқсан бойынша орташа білім сапасы 70%-дан жоғары деңгейде қалыптасқан.

Қазақстан тарихы пәні бойынша үлгерім және білім сапасы көрсеткіштері:

№	Сынып	1 тоқсан қорытындысы		2 тоқсан қорытындысы		3 тоқсан қорытындысы		4 тоқсан қорытындысы		Жылдық қорытындысы	
		% үлг.	% сапа	% үлг.	% сапа	% үлг.	% сапа	% үлг.	% сапа	% үлг.	% сапа
1	5 «А»	100%	96,4%	100%	79,3%	100%	86,2%				
2	5 «Б»	100%	86,2%	100%	80%	100%	79% %				
3	5 «В»	100%	75%	100%	65,1%	100%	75% %				
4	5 «Г»	100%	86,2%	100%	71,4%	100%	67, 8%				
5	7 «А»	100%	62,5%	100%	63,6%	100%	72, 7%				
6	7 «Б»	100%	68 %	100%	66,6%	100%	73, 9%				
7	9 «Б»					100%	55 %				
		100%	78,8%	100%	71%	100%	72,8 %				

Дүниежүзі тарихы пәні бойынша үлгерім және сапа пайызы

№	Сынып	1 жартыжылдық қорытындысы		2 жартыжылдық қорытындысы	
		% үлг.	% сапа	% үлг.	% сапа
1	5 «А»	100%	89, 6%		
2	5 «Б»	100%	80%		
3	5 «В»	100%	72,4%		
4	5 «Г»	100%	71,4%		
5	7 «А»	100%	68,1%		
6	7 «Б»	100%	70,8 %		
7	9 «Б»				
Всего		100%	75, 3 %		

Қорытындылай келе, тәлімгерлік жұмыстың нәтижесінде жас мамандар оқу үдерісіне тез бейімделіп, өз пәндері бойынша сапалы білім беруге дағдыланды. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

Мектеп директоры:

З.М. Сисенова